

Жетінші қазандық жылыта ма?

2-бет



Қуатты өңір болу үшін...

5-бет



Тарихқа енген тың дерек

6-бет

The Famine of 1931-1933 in Central Kazakhstan. Collection of Archival Documents and Memoirs. Edited by Nurlan Dulatbekov.



ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕЙСЕНБІ, 14 НАУРЫЗ, 2023 ЖЫЛ №29 (23 205)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

• МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Тегін үйірме түйіні тарқамай тұр

Білімге салынған қаражат – мемлекет үшін ең басты инвестиция болуы керек. Мұны Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында айтқан болатын. «Түптеп келгенде, дамудың бірден-бір жолы – білім саласы. Сондықтан бұдан ешкім ұтылмайтыны сөзсіз» дегені де есте. Президент балалардың қосымша білім алуына мүмкіндік жасалуына қажет екенін жыл сайынғы Жолдауында айтты. Расымен де, баланың бойындағы жылт еткен сәулені жарқырату үшін қосымша білімнің көмегі көп.

Балаларды тегін үйірмелермен қамтуға мүмкіндік беретін «Artsport» жобасы Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру негізінде қолға алынған бастама болатын. Жобаның игілігін жұрт көрді. Алайда, құмыры ұзаққа бармады. Былтыр жобаға қатысты дау туып, қызметі босады, кей аймақтарда тіпті шығармашылық үйірмелер жабылып та қалды. Мәселен, Қарағанды облысында «Artsport» платформасымен спорттық секциялар жұмысы жалғасып жатқанымен, шығармашылық үйірмелерге жазылуға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе былтыр жабылып қалған еді. Жақында ғана платформа жыл соңына дейін жұмысын жалғастырады деген шешім қабылданды. Десе де, платформада күрмеуі шешілмей тұрған мәселе көп.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Игі жобаның шикілігі

Мемлекет басшысы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында бүгінгідей аумалы-төкпелі заманда балалардың күш-жігері мен қызығушылығын дұрыс арнаға бағыттау аса маңызды екенін айтқан болатын. Мәдениет және спорт министрлігіне арнайы тапсырма да жүктелді. Ол аз десеніз, сол арқылы әкімдердің жұмысын бағалайтынын баса айтты.

2021 жылдың мамыр айынан бастап республика бойынша 4 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді мемлекеттік шығармашылық тапсырыс жолымен тегін үйірмелермен қамту үшін «Artsport» жобасы іске қосылды. Жергілікті атқарушы органдарға балаларды тегін үйірмелермен қамту үшін қаржы бөлінді. Мәдениет және спорт министрлігі үйлестіруші ретінде бекітіліп, ата-аналар Artsport.edu.kz порталы арқылы баласына (спорт пен мәдениет бағытындағы) үйірме түрі мен



Қолшыбы жасаған Ш.Алымбеков

оқытатын орынды таңдап, әкімдіктер таңдалған ұйымға әр бала үшін ақша бөлінеді. Алайда, ата-аналар балаларын бір емес, бірнеше үйірмеге жаздырғаннан кейін, бұл басқа

балалардың үйірмемен қамтылуына кері әсерін тигізді. Қаржы мәселесіне және тиісті порталдың жұмысына қатысты олқылықтар шыға бастады. Бұл кейбір үйірмелердің

жабылып қалуына әкелді. Жоба бір жағынан барлық баланы қосымша біліммен қамтуға мүмкіндік берсе, екінші жағынан әлеуметтік әділдіктің орнағаны еді. Себебі үйірмелер-

ге бұған дейін қалтасы көтеретін, жағдайы бар отбасылардың балалары ғана бара алатын.

Быыл «Artsport» жобасы бойынша жергілікті бюджеттен спорттық секцияларға 2,1 млн. теңге бөлінген. Ал мәдениет бағытында Artsport.edu.kz платформасы олқылықтардан соң былтыр 31 желтоқсанда жұмысын тоқтатқан болатын. Artsport.edu.kz порталы шығармашылық тапсырыс бойынша Қарағанды облысында қаржы бөлінбегендігін көрсетіп тұр.

«Artsport» жобасы жалғаса ма?

Осы мәселе былтыр Президенттің қатысуымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөз болды. Онда Мемлекет басшысы балаларды тегін үйірмемен қамтуға мүмкіндік беретін жобаның кемшіліктерін жойып, жұмысты қайта жалғастыру қажет екенін баса айтты.

Білімге салынған қаражат – мемлекет үшін ең басты инвестиция болуы керек. Бұл – өте маңызды мәселе. Түптеп келгенде, дамудың бірден-бір жолы – білім саласы. Сондықтан бұдан ешкім ұтылмайтыны сөзсіз. Үкімет пен әкімдер жұртшылықпен бірлесіп, жобаны жетілдіруге тиіс. Оны сапалы әрі тиімді жасау қажет. Нақты ғылымдар мен инженерия саласы бойынша қосымша білім беруге айрықша назар аудару керек. Балаларды дене шынықтыру және академиялық тұрғыдан бірдей дамыту қажет. Ауылдық жерде тұратын балаларға баса мән берген жөн. Барлық аймақтағы балалардың қосымша білім алуына мүмкіндігі болуға тиіс. Құзырылы министрлік пен әкімдіктер жобаның жүзеге асырылуын реттеп, жіті бақылауы қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

► 5-бет



Газ кіргізуге жеңілдік бар

Былтыр 11,6 миллион қазақстандықтың газға қолы жетті. Яғни, республика халқының 59 пайызы «көгілдір отынның» қызығын көріп отыр. Қазіргі уақытта Президент тапсырғандай, солтүстік, шығыс өңірлерді газдандыру жобалары пысықталуда. Бұл туралы Энергетика министрі Болат Ақшолпақов айтты. Ал, көмірлі өлкеде 5804 үйге газ жеткізілді.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ, «Ortalyq Qazaqstan»

Министрдің айтуынша, былтыр 53,2 млрд. текше метр газ өндірілді. Биылғы жеке – 55 млрд. текше метр. Оның ішінде, 28 млрд. текше метрі – тауарлық газға тиесілі.

2026 жылға дейінгі газ саласын дамытудың кешенді жоспары шеңберінде газдың ресурстық базасын ұлғайту, газ нарығын реформалау және азаматтардың әлеуметтік осал санаттары үшін бағаларды тежеу шаралары көзделген. Сөйкесінше, биыл жалпы сомасы 74 млрд. теңгені құрайтын 86 жоба іске асырылады. Нәтижесінде, халықты газдандыру көрсеткіші 60 пайызға жетеді деп күтіледі.

Газдандыру іс-шарасы Қазақстан Республикасын газдандырудың 2015-2030 жылдарға арналған бас схемасы аясында жүзеге асырылуда. Схема былтыр жаңартылған еді. Өзгеріс Мемлекет басшысының елдің солтүстік-шығыс өңірлерін газдандыру мүмкіндіктерін қарау жөніндегі тапсырмасына сәйкес енгізілді. Энергетика министрлігі «Бейнеу – Бозой – Шымкент» газ құбырының қуатын ұлғайтып, «Сарыарқа» магистральдық газ құбырының ІІ-ІІІ кезеңдерін салу арқылы Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарын газдандыру жобасын әзірледі.

«Сарыарқа» құбыры Қарағанды облысын да газбен қамтып тұр. Қазір аймақта газдандыру қарқынды жүріп жатыр. Қарағанды және Теміртау қалаларында газ тарту желілері салынууда. Жақын жылдары өзге өңірлерге де газ барады.

Бүгінде жоғарыда аталған қос шаһардағы 5 804 жеке тұрғын үйдің іргесіне газ жеткізілді. 1 300 жеке тұрғын үй техникалық шарт берілді. Бұл – газ тартылған үйдің 22 пайызы.

Газ кіргізуге жеңілдік бар. Тұрғындардың желіге қосылуын жеделдету мақсатында түрлі қолдау шаралары қолға алынууда. Мәселен, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін әлеуметтік төлем қарастырылған. Бүгінде бұл төлемге жүзден астам адам қол жеткізді.

Еуразиялық банк пен Halyk bank-тің пайызсыз кредиттерін жүзден аса адам алды.

Сондай-ақ, биылғы жылдың мамыр айынан бастап Қарағанды облысының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту орталығы арқылы ауданы 120 шаршы метрге дейінгі жеке тұрғын үйлер қожайындарына бес жыл мерзімге дейін пайызсыз қайтарымды негізде қаражат бөлінді.

Қала бюджеті еселенді

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында «Еліміздің өркендеуі өңірлердің дамуына тікелей байланысты. Қазір Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Әлеуметтік-экономикалық және демографиялық ахуал мүлдем басқа. 2019 жылы айтқан «Қуатты өңірлер, қуатты ел» деген ұстанымым күні бүгінге дейін әлі өзекті» деген болатын. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында бірқатар маңызды елді мекендерді дамыту қолға алынууда. Солардың бірі – Қарқаралы қаласы. Быыл қала бюджеті 1 миллиард теңгеге ұлғайды. Қала әкімдігі қоматқы қаражатты қайда жұмсайды? 200 жылдық тарихы бар қонақ қаланы жандандыруда қандай жобалар іске аспақ?

Сағынш ӨБІЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бөлінген қаржы қайда жұмсалады?

Бюджет көлемі былтырмен салыстырғанда екі есеге ұлғайды. Мәселен, өткен жылы қала қаражаты 519 млн. 293 мың теңге болса, 512 млн. 736 мың теңгеге өскені. Жыл соңында үнемделген қаржы мен қосымша құн салығынан түскен 6 млн. 557 мың бюджетке қайтарылды. Бөлінген қаражат қала басындағы бірқатар түйткілді мәселелерді шешуге жұмсалды. Тазалықты табылдықтан бастаған қала әкімшілігі көпқабатты үйлерді бір архитектуралық стильге келтіру мақсатында қасбеттерін қаптап, шатырын биокроспен жауып, дәліз бен жергілікті есіктерін ауыстырды. Көпқабатты үйлердің қабырғасына айтулы тулғалардың муралы салынды.

Бөлінген қаражаттың ауқымды көлемі тозығы жеткен электр желілеріндегі ақауларды, ауыз су және кәріз жүйелерін қалпына келтіру, автокөлік және жаяу жүргіншілер жолын жөндеу, жылу қазандықтарын жаңалау жұмыстарына бағытталмақ.

Жалпы аумағы 11 мың гектар болатын қаладағы халық



саны – 9338 адам, 5 мың 696-сы – экономикалық белсенді адамдар. 899-ы – зейнеткер, 342-сі – мүгедек, 1857-сі – оқушы, 585-і – мектеп жасына дейінгі балалар. 410 адам жұмыссыздар есебінде болса, 88 адам – аз қамтылғандар санатында. Орта және шағын кәсіпкерлік субъектілері – 3341.

Жалпы қаладағы өзекті мәселелерді шешу мақсатында быыл қала бюджеті 1 млрд. 161 млн. 115 мың теңгені құрады. Бұл қаражат қала әкімдігі аппаратының қызметі мен жүзеге асырылатын жо-

баларға қарастырылған. Бөлінген қаржыны сапалы және белгіленген мерзімде игеру міндеті тұр, – дейді қала әкімі Берік Тоқмурзин.

Инфрақұрылымдағы игі істер

Қала іргетасының қаланғанына алдағы жылы 200 жыл толады. Осынау екі ғасырда дамудың даңғыл жолын да, қиын-қыстау кезеңдерді де бастан өткерді. Уақыт тізінен өтіп, сан түрлі оқиғаны бастан өткерген қала тарихы теңізге. Бір кездері халық саны 10



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

тұрғындар үшін өзекті салаларды қалпына келтіру жұмыстары жүзеге аспақ. Жұмыстың бағыты қаланың инфрақұрылымын қалпына келтіру.

Жылу маусымындағы түрлі түйткілді шешу мақсатында қала басындағы көпқабатты үйлер мен мекемелерді жылумен қамтамасыз етіп отырған алты жылу қазандығына ағымдағы жөндеу жұмысын жүргізу жоспарлануда. Атап айтқанда, №2 қазандыққа қарасты Ермеков көшесі бойындағы жылу жүйесін ауыстыруға 56 млн. 290 мың теңге бөлініп, жөндеу жұмыстары маусым-шілде айында жүзеге асады.

Қаладағы басты мәселе – ауыз су. Тұрғындарды сапалы ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында «Жарлы-Қарқаралы» су жүйесінің құрылысы жүріп жатыр. 2 млрд. 900 мың теңге көлемінде қаражат бөлінген. Су жүйесінің қалпы ұзындығы – 38,6 шақырым. Қазір 21 шақырым траншея қазылып, оның 12 шақырымына құбыр салынды. Сонымен қатар, 250 текше метр резервуар қойылды. Биыл бұл жүйе іске қосылады деп жоспарлануда. Тозығы жеткен ауыз су мен кәріз жүйелерін ауыстыруға да көлемді қаражат қарастырылуда.

Атап айтқанда, 47 млн. 692 мың теңгеге Ө.Бөкейханов көшесіндегі бас су құбырының 950 метрін, 33 млн. 270 мың теңгеге Н.Әбдіров көшесіндегі 800 метрін, сонымен қатар Қ.Аманжолов көшесіндегі 250 метр су құбырын 7 млн. 182 мың теңгеге ауыстыру жоспарлануда, – дейді Берік Тоқмурзин.

► 6-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 471.85

•USD/KZT 445.98

•RUB/KZT 5.87

•CNY/KZT 64.09

Қазақстан Ұлттық Банкінің 13 наурыз, 2023 жылғы дерегі бойынша



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

1500 жұмыс орны бар

Саран қаласында бүгінгі таңда 1500-ден астам бос жұмыс орны бар.

Саран қаласында бүгінгі таңда 1500-ден астам бос жұмыс орны бар.

Жұмысқа орналасқысы келетіндер «Каматyес KZ», «QazTehna», «Silk Road Electronic» ЖШС кәсіпорындарына түйіндемеді тапсырды.

Сондай-ақ, жастармен кәсіби бағдар беру жұмыстары ұйымдастырылды.

Болашақ талапкерлер үшін Саран мәдениет үйіне Қарағанды облысының оқу орындарының өкілдері шақырылды.

Сонымен қатар, шараға қалалық полиция департаменті, қалалық прокуратура өкілдері, сот орындаушылары қатысты.

Өз тілшімізден

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Жетінші қазандық жылыта ма?

Теміртаудағы экология проблемасынан бөлек, биліктің басын ауыртып тұрған тағы бір мәселе – жылу.

Дегенмен, соңғы жылдары облыс басшылығы мен «АрселорМиттал Теміртау» АҚ біріге жылу мәселесін шешуге кірісті.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазандық құрылысы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың тұрақты бақылауында.

Әкімге есеп берген орталық басшылығының ақпаратына сүйенсек, жұмыс кестеге сәйкес жүріп жатыр.

Жоспар бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Кестеден кешігу жоқ. Конвективті бөлік толық жинақталды.

Директордың айтуынша, нысандағы шаруа күні-түні тоқтамайды. Құрылысшылар ауысыммен жұмыс істеуде.

Облыс әкімі қазандық құрылысымен танысқаннан кейін жылу-электр орталығындағы жөндеу



іс-шаралары пысықталған кенеске қатысты.

Тақырыпқа қатысты компанияның бас директоры Владимир Яблонский баяндама жасады.

– Алдағы жөндеу жұмыстарына қатысты арнайы жоспар

бекітілді. Қажетті қаржы сомасы бөлінді. Бірінші қазандыққа кеңейтілген ағымдағы жөндеу жүргізіледі.

Сонымен қатар, орталықтағы

іс-шаралары пысықталған кенеске қатысты.

Тақырыпқа қатысты компанияның бас директоры Владимир Яблонский баяндама жасады.

Бұл жұмыстар маусым айында басталады.

Аталған жоспар ойдағыдай жүзеге асып жатса, құрыш қала қалтырамыз тиіс.

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Алда атқарылар іс ауқымды

Абай ауданының әкімі Сәбит Оспанов 7 наурызда Оңірлік коммуникациялар алаңында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен бриффинг өткізді.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ең алдымен негізгі экономикалық көрсеткіштердің өсіміне қол жеткізілгеніне тоқталды.

Былтыр 1 миллиард 68 миллион теңгенің инвестициялық жобалары іске асырылды.

Жалпы ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі 60 миллиард 900 миллион теңгеге жеткізу көзделіп отыр.

7616 шаршы метр пәтерлер пайдалануға берілген екен.

Аудан әкімінің айтуынша, өткен жылы 1462 адам жұмыспен қамтылса, биыл 948 адамды жұмысқа орналастыру, 15 грант беру, жалпы 1337 адамды жұмыспен қамту шаралары қарастырылған.

Білім және мәдениет саласында Жартас ауылында Мәдениет үйінің күрделі жөндеу, Құрма ауылында бұрынғы мектеп ғимаратын қайта жаңғырту аяқталып, енді былт Тоңар кентінде денешынықтыру-сауықтыру кешенін салу ісі жалғасып, Абай қаласында 600 орындық мектепке инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдар нысаны бойынша жобалау-сметалық құжаттары



БРИФИНГ

15 шақырым жол жөнделеді

«Ortalyq Qazaqstan» gazetі №28 санында «Көлшікке айналған көшелер» атты мақала жариялап, Балқаш қаласындағы жолдардың сапасы жайында мәселе көтерген еді.

Шағын шаһардың әкімі Қайрат Қамзин өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша өткен жылы атқарылған жұмыстар жайлы айта келе, тозығы жеткен көшелердің жөнделетінін де жеткізді.

шатырын және үш үйдің қасбетін жөндеу жоспарлануда.

Сонымен қатар, биыл Балқашта қаланың суару жүйесін қайта құру, жағалауды абаттандыру басталады.

«Қонырат» шағын ауданында жылу желілерін салу, магистральдық жылу және су құбыры желілерін

емхананың құрылысы аяқталуда. Биыл жаңа аз инвазивті кардиооперацияны ашылуымен Балқаштың көпсалалы орталық аудандық ауруханасын жаңғырту басталды.

Сонымен қатар, баспасөз мәслихатында «Жайлы мектеп» жобасы аясында Қ.Нұржанов шағын ауданында 1200 орындық мектеп

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бриффинг барысында қала басшысы шаһарда туризм, мәдениет, медицина, білім мен ғылым, спортқа жете назар аударылып, мұнда тұрғындардың, жастардың жан-жақты дамуына толық жағдай жасалуына игі шаралар қолға алынаынығы туралы айтты.

Қала басшысы Қайрат Амангелдіұлының айтуынша, мемлекеттік тұрғын үй саясатын жүзеге асыру үшін 2022 жылы барлық қаражат көздерінен 16 754 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген.



- 2022 жылы барлық қаражат көздерінен 16 754 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген.
2024 жылы 45 пәтерлік төрт үйдің құрылысы жоспарланған.
Кезекте тұрған азаматтарға 50 пәтер сатып алынбақшы.

жолдардың жалпы ұзындығы 15 шақырымды құрайды. Сапасы жақсы жолдардың саны 82 пайызға дейін артады.

қайта жаңарту жалғасады. Ағыбай батыр көшесінде, Қадыржанов көшесіндегі аллеяға абаттандыру жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отырмыз.

құрылысы басталатындығын және Президенттің экономикалық өсімді қамтамасыз ету, халықтың әлеуметтік жақсарту бойынша тапсырмаларының жүзеге асырылып жатқандығы жөнінде баяндады.

БӘРЕКЕЛДІ!

Идея – ұстаздан, марапат – министрліктен

Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен өткен дәстүрлі «Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық байқауында еліміздің әр аймағынан жиналған ұстаздар үздік педагогикалық тәжірибесін бөлісіп, шеберліктерін танытты.

Қазақстанның әр қиырынан қатысқан 250 педагогтің 95-і жеңімпаз атанды, 56 мұғалім ерекше жетістіктері үшін марапатталды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Фестивальдің бағыты – коммуникативтік және басқа да құзыреттілік түрлерін дамыту, үткір білім беру ортасында тиімді жұмыс істеу үшін басшылар мен педагогтердің шығармашылық мүмкіндіктерін ашу, оқыту әдістемесі

мен технологияларын жетілдіру, тәжірибе алмасу, мұғалім мамандығының мәртебесін арттыру, заманауи мектептің кадрлық әлеуетін қолдау, – деді «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының директоры Ғаджамбек Тұрсынов.

– Қарағанды облысынан Байқауға он мұғалім қатысты. Байқау

нәтижесінде қоғамдық-гуманитарлық пәндер бағыты (орыс тілі мен әдебиеті, шет тілдері) бойынша Қарағанды қаласы С.Сейфуллин атындағы гимназия мұғалімі Бағдат Амангелдінова I дәрежелі диплом иегері атанды.

«Психологиялық қоржын» бағыты бойынша №6 психологиялық педагогикалық түзету кабинеті» КМҚК логопед-мұғалімі Ольга Ким II орын алды. Ал қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер (қазақ тілі мен әдебиеті) бойынша «Білім-Инновация №2» лицей-интернаты» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Арай Абдрахмановаға III орын бұйыр-

ды. Физика-математикалық бағыттағы пәндер бойынша Қарағанды қаласындағы «Қ.Нұржанов атындағы гимназия» КММ-нің математика пәні мұғалімі Марина Попова III дәрежелі диплома ие болды. «Қолданбалы цикл» бағыты (денешынықтыру, технология, колөнер, АӘД, сәндік-қолданбалы өнер, музыка) бойынша Саран қаласы «№6 ЖЗБМ» КММ-нің көркем еңбек пәні мұғалімі Юлия Голвачанская және «Сабақ аяқталған соң...» бағыты бойынша Саран қаласы «№2 ЖЗБМ» КММ-дегі педагог-ұйымдастырушы Илья Карпов III орын иеленді.

олардың өнімін арттыру жоспарланған. Ал осы көлемде 65 750 ектарға тұқым сiңiрiлiп, ол былтырғыдан 2,5 пайыз артық болмақ.

Абай ауданында өнеркәсіп кәсіпорындары санаулы ғана. Соның өзінде 2022 жылы белгілі бір себептермен кейбірі өндірісін төмендетіп алды.

Одан әрі Сәбит Оспанов ауданда шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 14 пайыз артып, 3106 болғанын атап өтті.

Аудан әкімі биыл Абай қаласындағы 26 көпқабатты үйдің аулалары кешенді абаттандырылып, соның 20-сы асфальтталып, 2 және 4 шағын аудандарда балалар алаңы жасалатынын айтты.

Ауданда тұрғын үй құрылысы да қарқын алып, өткен жылы

әзірленбек.

Сол сияқты былтыр Абай қаласының көшелері мен Вольный-Долинка жолы жаңғыртылды.

Аудан әкімі биыл Абай қаласындағы 26 көпқабатты үйдің аулалары кешенді абаттандырылып, соның 20-сы асфальтталып, 2 және 4 шағын аудандарда балалар алаңы жасалатынын айтты.

Аудан әкімі биыл Абай қаласындағы 26 көпқабатты үйдің аулалары кешенді абаттандырылып, соның 20-сы асфальтталып, 2 және 4 шағын аудандарда балалар алаңы жасалатынын айтты.

Сөз соңында Сәбит Оспанов алда атқарылар ауқымды іс тұрғанын айтып, оған барлық күш-жігерін жұмсайтынын мәлімдеді.

келе жатқаным 12 жыл болды. Республикалық байқауларға оқушыларымды дайындап жүргеніммен, өзім бірінші рет катыстым. Қобалжу болғаны жасырын емес. Байқауға еліміздің түпкір-түпкірінен келген қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің 21 мұғалімі қатысып, 21 түрлі идея ұсынылды, әртүрлі тақырыптар қамтылды. Менің жобам «Ақыл, қайрат, жүректі тең ұстаған «кемел ұстаз» болғыңыз келсе...» деп аталды.

– Ұстаздық жолда еңбек етіп

«AMANAT» ПАРТИЯСЫНАН № 20 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ

Мен, Игорь Николаевич Голев, 1963 жылы Қарағанды қаласында дүниеге келдім. 1980 жылы КПТИ тау-кен инженері-құрылысшысына оқуға түстім. 1984-1986 жылдар аралығында әскери борышымды өтедім. 1988 жылдан 1993 жылға дейін Қарағанды Кен-ШСУ-да шебер, прораб, құрылыс учаскесінің бастығы болып жұмыс істедім. 1993 жылдан бастап кәсіпкерлікпен айналысамын және менің қарамағымда 60-қа дейін адам бар. 2017 жылы КМТУ-Транспорт «Көлік құрылысы» мамандығы бойынша бітірдім. Отбасылым, үш ұлым бар. Менің ортаншы және кіші ұлдарым (20 жаста) еркін күрестен ҚР спорт шеберіне үміткер. 2015 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін мен мемлекеттік тілді белсенді оқып жатырмын, төрт сертификатым бар. 2019 жылғы 25 наурызда мен Қазақстан Республикасының Президентіне кандидат Қ.К.Тоқаевтың сенімді өкілі болып тағайындалдым және 2019 жылғы 19 маусымда Президент Қ.К.Тоқаевтың инаугурациясына қатыстым. Көптеген Алғыс хаттармен және Құрмет грамоталарымен марапатталдым. Мен «AMANAT» партиясынан қоғамдық жұмыстарға үнемі қатысамын. Ай сайын біздің азаматтар үшін мекемелердің, ауруханалардың, көліктің және т.б. қолжетімділігін мониторингтеу бойынша жұмыстар жүргіземін. Тұрғындар үшін көріз, су беру, жылу беру және жарықтандыру әлі де толық шешімін таппаған мәселе болып табылады. Осы мәселелерді оңтайландыру жұмыстарымен айналысып жүрмін. ОВР қамқоршылық кеңесінің төрағасы болдым.

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Пришактинск және «Фин кенті» деп аталатын аудандар сапалы жөндеуден өткен жолдармен жарықтандырылуы керек. Азаматтардың қауіпсіздігі үшін біз басымдық беруіміз керек! Әр азамат өзінің «ЕСТИ-ТІН» мемлекетте тұратынын білуі керек. Депутат тұрғындармен ашық кездесулер ұйымдастыру керек. Аудандардың ауыз су мәселесі әлі де өзекті болып қала бермек. Бұл мәселені толық зерттеп, осы жағдай түбегейлі шешімін табуы керек. Экология, жануарларды қорғау және қала тіршілігінің басқа да мәселелері зерделеніп, қаланың даму жоспарына енгізілуі тиіс. ҚҰРМЕТТІ ҚАРАҒАНДЫЛЫҚТАР! Мен сайлауға нақты азаматтық ұстанымы бар адам ретінде барамын: қарағандылықтар таза, ыңғайлы, қауіпсіз қалада тұруы керек! 24/02/23 ж. «Қарағанды қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қаражатынан төленді.



Республикалық бюджет қаражатынан төленді

Қарағанды облысы № 18 сайлау округі бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат АЙТУҒАН АДАМҚҰЛҰЛЫ МҰҚАШЕВ

ЖАСТАРҒА СЕНІМ – БОЛАШАҚҚА ҮМІТ

Мен, Айтуған Адамқұлұлы Мұқашев, 1974 жылы Қарағанды облысының Шет ауданында дүниеге келдім. Әкем ұстаз, анам он бір баланы дүниеге әкеліп, өсірген жан. Төрт баланың әкесімін. Жарық орта мектебін үздік бітіріп, бір мезгілде Ұлттық аграрлық университет пен Қ.Сәтбаев атындағы Ұлттық техникалық университетінде оқыдым: экономист-ұйымдастырушы және инженер-машинист жасаушы болып шықтым. Еңбекке ерте араласып, мал шаруашылығында, теміржолда, бизнесте, орта және жоғары білім беру саласында еңбек еттім, әскерде болдым.



өмір сүруге ұмтылуға хақылы. Оның кілті әркімнің өз қолында. Халық пен билік арасындағы сенімсіздік қамалын жою керек. Мүдделер тепе-теңдігін сақтауға және әртүрлі дауларды шешудің балама тетіктерін дамыту керек.

Мені Мәжіліс депутатына сайласаңыздар, менің назарымда халықтың әл-ауқаты, заңдылық пен демократия, сот жүйесі мен БАҚ тәуелсіздігі, әлеуметтік әділеттілік, коррупцияны еңсеру, ішкі-сыртқы қауіпсіздік, зейнеткерлік жасы, сарбаздың жағдайы, лайықты еңбекақы, еңбек өнімділігі мен қауіпсіздігі, жердің асты-үсті қазынасының әділ бөлінуі, жайылымдарды қайтару, жастардың жолындағы жөнсіз кедергілерді жою, білім мен ғылымға, өндіріс пен басқаруға жаңашыл технологияларды бағыл енгізу болады.

Таза экология, таза тамақ – салауатты ұрпақ кепілі. Экологиямыз лас. Жер мен суды рационалды пайдалану, орман алқаптарын көбейту, су көздерін қалпына келтіру, топырақты құнарландыру бойынша озық технологиялар бар. Жаңа технологияларға көше, ауыл шаруашылығы, бау-бақша, орман шаруашылығы қалдықсыз өнім береді.

Менің басты назарым азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталады. Аграрлық держава болатын әлеуетіміз бар. Агротөртінші механикаландыру мен автоматтандыру дәрежесін көтере отырып, бір мезгілде ғылыми және цифрлық деңгейді игеру керек. Сонда ауыл мен қала өзара бірлеседі: жаңа өндіріс нысандары, жұмыс орындары ашылады, еңбек өнімділігі артып, отандық өнім шетелдік сұранысқа ие болады. Ауыл тұрғыны халықаралық еңбек бөлінісіне қатысады. Фермердің еңбегі жанып, ауыл көркейді.

Нақты мақсат, дұрыс менеджмент, шынайы әділдікті қамтамасыз ету арқылы қысқа мерзімде материалдық және рухани қажеттіліктерімізді қанағаттандыра алатын өзін-өзі қамтушы экономиканы құра аламыз. Біз жүзеге аспайтын стратегияларға байланып келдік. Біз «өртті сөндіру» (уақытша әрекеттер), «Титаник синдромы» (біздің кемеміз суға батпайды деп ойлау) немесе «соқыр идеализм» (болашақты армандап, бүгіннің тамырына балта шабу) стратегияларынан бас тартуымыз керек. Бізге ғылыми негізді, сананы серпілтетін «жаңашыл стратегия» қажет. Заманалық менеджмент осылай дейді. Мен өзім осыны ұстанамын. Сіздерді де осыған шақырамын.

Қоғам мен мемлекетті дамытудың осы және басқа да бағдарламаларын іске асыру үшін әркімнің және бүкіл қоғамның санасын жаңарту, дәстүрлі құндылықтарға сүйену, мемлекеттік басқару жүйесін реформалау қажет.

Жастар мен ересектер бірлесейік – Қазақстанды көркейтейік! Құрметті сайлаушылар, адал да жігерлі, жаңашыл ойлайтын және нәтижелі жандарды, яғни жаңаша өмірді таңдаңыздар!

СЕНІМДЕРІҢІЗДІ АҚТАЙМЫН! Жастарға сенім – болашаққа үміт!

Республикалық бюджет қаражатынан төленген

ДЕПУТАТТЫҚКА КАНДИДАТ АБАЙ ҚОБЛАНДЫҰЛЫ ҚАЛЫҚОВТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

«AMANAT» партиясынан №1 сайлау округі бойынша Қарағанды облыстық мәслихатының депутаттығына кандидат Мен, Абай Қобландыұлы Қалықов, 1975 жылы 8 қарашада Ақмола облысында, инженер отбасында дүниеге келдім. Үйленгенмін, екі бала тәрбиелеп отырмын, ұлтым – қазақ. 40-тан астам мақалалар мен әдістемелік әзірлемелердің авторымын, оның ішінде бірнешеуі Scopus және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің базасына кіретін журналдарда жарияланған. Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің басқарма мүшесі, тәрбие жөніндегі проректоры лауазымында қызмет атқарамын. «AMANAT» партиясының мүшесімін. Қарағанды облысы әкімінің жанындағы жастар жөніндегі Кеңестің мүшесімін. Құрметті Қарағанды қаласының тұрғындары! Сіздер менің, яғни А.Қ.Қалықовтың сайлауалды бағдарламамды – Қарағанды облысы мәслихатының депутаттығына кандидат бағдарламасын оқып отырсыздар. Өмір бойы білім саласында еңбек еттім. Осы және басқа салалардағы барлық мәселелерді білемін, сондықтан мен оларды шешуге көмектескім келеді және көмектесе аламын. Мен өз қызметімнің негізгі бағытын әлеуметтік саясат саласында жүзеге асыруды жоспарлап отырмын: халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға жәрдемдесетін боламын; мен білім беру саласын дамытуға үлес қосқым келеді. Жастарды сұранысқа ие мамандықтар бойынша колледждерде тегін оқытумен 100% қамтуды қамтамасыз етуге үлес қосамын; жоғары оқу орындарының түлектері үшін міндетті жұмысқа орнала-

суды қамтамасыз ету, осылайша жұмыссыздықтың өсуін төмендету; мен біздің қаланы таза және қауіпсіз көремін. Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көшелер мен аулалардағы бейнекемералардың санын көбейту, барлық тұрғындар үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында көше жолдарын жарықтандыру қажет; көшелер мен аулалардағы жолдардың сапасын жақсартуға көмектесемін; медициналық қызметтердің қолжетімділігін деңгейін арттыру, медициналық мекемелер мен дәріхана желілерін дәрі-дәрмектермен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету; қала дүкендері мен базарларда бағанын өсуін қатаң бақылауды жүзеге асырамын; экологиялық жағдайды жақсарту үшін көмірден тұрғын үйлердің газына көшуге ұмтылатын боламын; мен өз сайлаушыларымды басқа да мәселелерді шешуде үнемі қолдауға міндеттенемін. Біз бірге барлық мақсаттарға қол жеткізе алатынымызға және мықты мемлекет құруға өз үлесімізді қоса алатынымызға сенімдімін!



Республикалық бюджет қаражатынан төленді



Ерден Балтабайұлы ХАЛИЛИН



19 наурыз 2023

№ 4 сайлау округі бойынша Қарағанды облыстық мәслихатының депутаттығына үміткер

БОЛАШАҚТЫ БІРГЕ ҚҰРАМЫЗ!

«Бес әлеуметтік бастама» жобасын іске асыру шеңберінде 2023 жылы Күнгей ықшам ауданы сапалы газдандыруға жәрдемдесу; Күнгей ықшам ауданының тұрғындарын жолаушылар көлігімен толық қамтамасыз ету мақсатында тұрақты қалалық маршруттардағы жолаушылар ағыны мәселесін зерделеу; Оңтүстік-шығыс және Күнгей ықшам аудандарындағы жолдардың барлық түрлерін абаттандыру, тұрғындар қауіпсіздігі үшін көшелерді жарықтандыруға ықпал ету; Бұқаралық спортты дамыту үшін мектептер мен

жасөспірімдер сарайларында спорттық үйірмелердің көптеп ашылуына үлес қосу; Тұрғындар мен балаларға қауіп тудыратын қаңғыбас иттер мәселесін шешу, талқыға салу; Ықшам аудан тұрғындарының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету және қолайлы жағдай жасау үшін медициналық ұйымдарды (емхана, аурухана), балабақшаларды, мектептерді, мәдениет нысандарын, спорт нысандарын (стадион, спорт алаңдарын), демалыс нысандарын (саябақ, балалар алаңдары, скверлер) салу мәселелерін шешу.

Республикалық бюджет қаражатынан төленді

• ЕГІС – 2023

Қырдағы науқанға әзірлік қызу

Биыл ел көлемінде 23,4 миллион гектарға дән себіледі. Мұндағы Қарағанды облысының үлесі 1,1 миллион гектарды құрамақ. Қазір оңтүстікте егіс науқаны басталды. Ал, Арқа диқандары қырға мамырда шығады.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Әбілқайыр Тамабектің айтуынша, биыл егістік аумағы 68,6 мың гектарға ұлғаяды. Құнбағыс пен картоп, көкөніс пен бақша дақылдары алқаптарын арттыруға басымдық беріледі. Министрлік биыл жеңілдікпен берілетін дизель отынының көлемін көбейту туралы шешім қабылдады.

– Көктемгі жұмыстарды жүргізуге өңірлерге 413 мың тонна дизель отыны бөлінді. Бұл – өткен жылғы деңгейден 13 мың тоннаға артық. Операторлардың шығындарын ескере отырып, фермерлер үшін орташа баға литріне 204 теңгені құрайды. Баға – нарықтық құннан 15-20 пайызға арзан. Биыл арзандатылған жанар-жағармай оңтүстік облыстармен қатар, астық егетін солтүстік өңірлерге де ақпан айынан бастап жөнелтіледі, – дейді вице-министр. Қарағанды облысында егіс науқанына дай-

ындық қызу жүріп жатыр. Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, картоп пен көкөніс алқаптары көбейеді.

Биыл егістік алқабы бытырғы межеден 43,7 мың гектарға артып, 1105,5 мың гектарды құрайды. Нақтылап айтсақ, дөңді және дөңді-бұршақты дақылдар – 957,2 мың гектарға, майлы дақылдар – 59 мың гектарға, жем-шөп дақылдары – 76,2 мың гектарға егіледі. Картоп егістігі 526 гектарға өсіп, 12 мың гектарға жетеді. Ал, көкөністердің үлесінде – 1,7 мың гектар.

Егістікке шығатын техника паркі дайындалуда. Көктемгі науқанға 10 мыңға жуық трактор, 248 егіс кешені және 4774 тұқымсепкіш қатысады.



● БӘРЕКЕЛДІ!

Оқушылар – олжалы

Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бірлесуімен жыл сайын дәстүрге айналған Ө.Жолдасбеков атындағы математика және механика бойынша зерттеу жобаларының XIII Халықаралық байқауы өтті. Халықаралық жарыстың жеңімпазы атанған 86 оқушының арасында қарағандылықтар да бар.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқау жыл сайын оқушылардың ғылыми қызметке деген қызығушылығын арттыру және дамыту, ғылыми-техникалық саладағы ең дарынды оқушыларды анықтау және оларды одан әрі қолдау мақсатында ұйымдастырылады. Халықаралық байқауға Тәжікстан, Қырғызстан және Қазақстанның әр аймағынан 150 оқушы қатысып, 112 жоба ұсынды. Сондай-ақ, республикалық ғылыми жобалар конкурсының (бұдан әрі – РҒЖК) облыстық кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері және РҒЖК-ның қорытынды кезеңіне жолдама алған қатысушылар, сонымен қатар, шет мемлекеттердің ұлттық ғылыми жобалар жарыстарында жеңімпаз бен жүлдегер атанған 11-12 сынып оқушылары бәсекеге түсті.

Қатысушылар «Математика», «Қолданбалы математика», «Механика», «Экономикадағы математикалық әдістер» секциялары бойынша жоба қорғады.

Қазылар алқасының шешімімен халықаралық байқаудың 86 жеңімпазы мен жүлдегері анықталды. Оның ішінде қарағандылық оқушылар да бар.

Байқауда Бұқар жырау ауданы Көкпекті жалпы білім беретін мектебінің оқушысы Ләйлә Хинаят II орынға ие болды. Шет ауданы Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназияның оқушылары Аружан Темірлан, Аяжан Асқарова III дәрежелі диплом иегері атанды. Ал «Ақпараттық технологиялар» мамандандырылған мектеп-лицей-интернаттың оқушылары Арай Муратхан, Инабат Қожанға III орын бұйырды. Сонымен қатар, Балқаш қаласының Абай атындағы №2 мектеп-лицейінің оқушылары Әнел Малыбаева, Аслан Тілеубай аталған байқауда қол жеткізген ерекше жетістіктері үшін грамотамен марапатталды.

Сонымен қатар, 22 қатысушы «Дарын» РҒПО-ның грамоталарымен марапатталды және барлық қатысушыларға сертификаттар мен логотип салынған футболкалар сыйға берілді.

Айдос БӘДЕЛҰЛЫ, саясаттанушы:

Сайлау жүйесінде сең қозғалғаны рас

Мемлекет басшысы «Жаңару мен жаңғыру жолы» атты былтырғы Жолдауында «Мен осыған дейін саяси реформалардың төрт топтамасын ұсындым. Соның аясында қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған бірқатар маңызды бастама жүзеге асты», – деген еді. Оның бірі – сайлау жүйесіне енгізілген өзгерістер. Биыл Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар сайлауы сол өзгерістер негізінде өткізіледі. Осы орайда, біз саясаттанушы Айдос Бәделұлынан биылғы саяси нақанның ерекшеліктері жайлы сұраған едік...

– Қазір Мәжіліс пен мәслихат сайлауына дайындық қызу жүріп жатыр, бұрынғы жылдарға қарағанда кандидат саны әлдеқайда көп. Маман ретінде бұл үрдістен нені аңғарасыз?

– Иә, осы жолғы Мәжіліс сайлауының қарқыны бұрынғыдан өзгеше екені байқалады. Салыстырмалы түрде қоғамның саясатқа қызығушылығы да басым. Бұған өз кезегінде Президенттің саяси бастамасы, Парламенттің ұстанымы әсер етті деуге негіз бар. Сондықтан, бұл өте дұрыс қадам деп ойлаймын. Парламент пәрменді болған кезде мемлекеттік саясатта тұғырлы әрі батыл шешімдер қабылданады. Парламент ұжымдық басқарудың тетігі болғандықтан, одан көптеген батыл ұсыныстар, көзқарастар, идеологиялық ұстанымдар анық көрініп тұрады. Парламентаризм дамыған мемлекеттерде қандай саяси пікірталастар болатынын көзіқарақты жұрт жақсы біледі. Мысалы, Ұлыбританияда, Еуропаның көп мемлекеттерінде, АҚШ-та ашық айқас, табанды тартыс болып жатады.

Бұл сайлауға қызығушылықтың артуына әрі кандидаттардың көп болуына бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша өтетіні едәуір әсер етіп отыр. Ал, партиялық тізімде пәлендей өзгеріс жоқ. Әр партия бұрынғыдай тізім бойынша өздерінің сайлау кампанияларын жүргізіп жатыр. Олардың саяси-қаржылық ресурстары да әрқилы.

Ал, бірмандатты аумақтық сайлау округтеріне байланысты халық тарапынан арақидік шағым айтылып жатыр. Яғни, бірмандатты орынға өзін ұсынған партия мүшелері бар деген деректер бар. Мұндай деректің ашық айтылуы және дер кезінде шағым

жасалуы сайлауды нақанның қызу өтіп жатқанын, адамдардың саяси белсенділігінің арта бастағанын аңғартады. Жалпы, саяси дамудың өзі осындайдан басталады. Әрине, әділетсіздіктерге жол беріледі, бұрыс саяси шешімдер қабылданып жатады. Дегенмен, қызу тартыс пен бәсекенің түбі жақсы болады. Қазақша айтқанда, сең қозғалды. Алдыңғы сайлауларға қарағанда, жақсылық бар. Келесі сайлауда да демократиялық тетіктерге кеңірек жол беріміз керек деп ойлаймын. Ол – Президент пен сайлау нәтижесінде құрылатын Мәжіліс депутаттарының қолында.

– Президент, сонымен қатар, «Азаматтардың өкілді билікке деген сенімін нығайту үшін мәслихаттарға баса мән берген жөн. Мықты мәслихаттар өзекті мәселелердің шешімін табуға және аймақтардағы тұрмыс сапасын жақсартуға әсер ете алады», – деген еді. Мәжіліс пен мәслихат сайлауы қатар келген соң, бар салмақты Мәжіліс сайлауына беріп, мәслихат сайлауы тасада қалып қоятын секілді. Жалпы жергілікті мәслихат депутаттары сайлау өңірдің дамуына қаншалықты әсер етеді?

– Иә, әрине жергілікті өңірлік органдардың саяси маңызы демократиялық елдерде өзгеше. Оларда жергілікті билік демократиялық институт ретінде өңірдегі проблемаларды жан-жақты талқылап, қоғамның тыңдауын ескере отырып, мәселені дербес шеше алады. Сондықтан, жергілікті өкілетті орган өкілдерін сайлау мәселесі біз үшін де өте маңызды болуы керек. Мәслихат сайлауы Мәжіліс сайлауымен қатар келгендіктен, тасада қалып жатыр. Менің ойымша, алдағы уақытта мәслихат сайлауын жеке өт-



кізген жөн болар еді. Жеке өтсе, жергілікті халықтың да саяси сауаты артып, сайлауға кезекті нақан ретінде емес, халық билігіне жол ашатын мүмкіндік ретінде қарай бастайды. Қазір, шыны керек, таңдау көп, ауыл мен аудан тұрғындары бес бюллетень алатыны ресми түрде айтылды. Мұндайда, халық көп нәрсені түсінбей, әйтеуір дауыс беру парыз деп, еш ұстанымсыз дауыс бере салуы мүмкін. Әрине, ол үшін бәсекелі ашық сайлауға мүмкіндік беріп отыру керек. Мәслихатқа жергілікті маңызды орган ретінде көп мүмкіншілік берілсе, оған сайланатын адамдарды халық ешкімнің нұсқауынсыз өзі сайласа, әр аймақтағы қордаланған мәселелер шешілер еді. Сол себепті Мемлекет басшысының бұл сөзін атқарушы билік, жергілікті органдар жүзеге асыруға жұмыла кіріседі деген ойламын.

– Қазіргі сайлау нақанында байқаушы болуға ынталы адамдардың көбейгені байқалады. Бұл ненің нышаны, қарапайым халық сайлау жөнінде қандай маңызды нәрсені білуі керек және дауыс беру барысында нені жігі назарға алуы керек?

– Байқаушылар – о бастан сайлау науқа-

AMANAT
НАР ТӘУЕКЕЛ!

Тапсырыс беруші: Б.К. Алтынбеков
Қарағанды облыстық мәслихат депутаттарының сайлауында партиялық тізімді ұсынған «AMANAT» партиясы Сайлау қорының қаражатынан төленді

AMANAT

Партиялық тізім бойынша сайланатын Қарағанды облыстық мәслихатының депутаттығына кандидаттардың тізімі

| | | | |
|-----|---------------------------------|-----|---------------------------------|
| 1. | Абилдинов Қайрат Жунусович | 14. | Куприенко Александр Григорьевич |
| 2. | Абилов Мурат Смағұлович | 15. | Мағзумов Арыстан Газизович |
| 3. | Абдикеров Рысқали Калиакбарович | 16. | Мұбаракөв Мейр Мұбаракөвич |
| 4. | Алтынбеков Бекзат Комарович | 17. | Мукашев Аманкельды Турсынулы |
| 5. | Байбосынов Серикжан Берикбаевич | 18. | Мунасипов Наиль Эльдусович |
| 6. | Башай Меруерш | 19. | Мусина Гульназ Нургалиевна |
| 7. | Георгиади Иван Владимирович | 20. | Оразбеков Аскар Бегалиұлы |
| 8. | Жунусов Елдос Бахтыбаевич | 21. | Смаилов Ильяс Ельнарлович |
| 9. | Ибатов Марат Кенесович | 22. | Утеубаев Талгат Бабаевич |
| 10. | Искакова Аида Сунгатуллаевна | 23. | Хамитов Ержан Болатұлы |
| 11. | Ким Сергей Павлович | 24. | Шалабаева Зара Хамитовна |
| 12. | Қобланды Ерсайын Саянұлы | 25. | Штергер Жанна Филипповна |
| 13. | Кожаметова Ляззат Таймыровна | 26. | Ямковой Виталий Васильевич |

Тапсырыс беруші: Б.К. Алтынбеков
Қарағанды облыстық мәслихат депутаттарының сайлауында партиялық тізімді ұсынған «AMANAT» партиясы Сайлау қорының қаражатынан төленді

● ӨЗЕКТІ

Карантин жарияланды

Еліміздің үш өңірінде мал ауруларының өршуіне байланысты карантин жарияланды. Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай облыстарының елді мекендеріндегі ұсақ және ірі қара мал басынан шешек, эмфизематозды карбункул (қарасан) және бруцеллез ауруы анықталды.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жағдай Қарқаралы ауданы, Бакты ауылының «Бопы» қыстағында орын алған.

– Ауру ошағы «Биаға» шаруа қожалығынан анықталды. 23 ақпанда бір бас мал ауырып өлген. Мамандар 24-і барып сойып, биоматериалдарын облыстық зертханаға жіберді. 7 наурыздағы сараптама қорытындысы бойынша қарасан ауруы екені анықталды. 10 наурыз күні жергілікті ауыл әкімінің шешімімен карантин жарияланды. Қалған мал басы сау. Алдағы уақытта малдарға екпе егіліп, қорасы мен ауласы дезинфекцияланып, сауықтыру жұмыстары жүргізіледі, – дейді аудандық ветеринариялық инспекцияның басшысы Қанат Әбдірайымов.

Жалпы, ауру белгілері – мал ақсайды, бірден дене қызуы көтеріледі.

Ауру қоздырғышы топырақта болады. Бакты ауылында қар еріп, мал ерте көктемнен жайылымға шыққан. «Ауру содан болуы мүмкін» деп топшылайды мамандар.



ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – ЕЛ МҮДДЕСІ

ныңдағы маңызды институт. Мұны Мемлекет басшысы Жолдауында «Сондай-ақ, байқаушылардың қызметін заңмен реттеу керек. Бұл институт та ашық сайлау жүйесінің ажырамас бөлігі саналады», – деп қадап айтты. Демократияның басты институты осы – бақылаушылар. Өйткені ол – сайлауды сырттан бақылап, қадағалап, кемшілігін көріп тұратын бірден-бір тетік. Мұнда қоғамдық бақылаушылардың маңызы зор. Олар мемлекеттен я болмаса саяси партиядан дербес жұмыс істейтіндіктен, олардың жұмысы заңмен реттелсе, демократияға жасалған қадам болар еді. Елімізде өткен осы уақытқа дейінгі сайлаулардағы қоғамдық бақылаушылардың пікірлеріне сүйенсек, олар кемшіліктерді тауып, деректерді жазып, ұсыныстар айтқанымен ол ұсыныстар мен ескертпелер құжат ретінде тіркеліп қана қояды екен. Заң бұзған сайлау учаскесінің өкіліне еш шара қолданылмай келеді екен.

Биылғы сайлауда бақылаушы болуға бел буып отырған азаматтар бұрынғыдан әлдеқайда көп. Тиісінше, сайлау комиссиясы оларға құлақ асады деген ойламыз. Бақылаушылардың көп болуына да сайлау жүйесіне мажоритарлы тәртіптің енуі себеп. Яғни, өзін-өзі ұсынған адамдарға берілген дауыстың әділ саналуын байқап, әділетсіздікке жол бермеу ниетінен туындап отыр.

Еліміздің тұрғындары бұл саяси нақанға бейжай қарамай, дербес шешім қабылдап, тек өзі жөн деп тапқан адамға я партияға дауыс берсе екен деген тілек бар. Демократия жоғарыдан емес, төменнен басталады деген сөзді ескерсек, қоғамды ілгерілету – әр адамның қолында.

– Сұхбат бергеніңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Назым ДҮТБАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»



ЖАҢА КІТАП

Тарихқа енген тың дерек

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті ғалымдарының «Орталық Қазақстандағы ашаршылық 1931-1933 жылдары мұрағаттық құжаттар мен естеліктер жинағын» Palgrave Macmillan халықаралық ғылыми кітап-журнал баспасы сонау Ұлыбританияда басылды. Қазір аталған жинақ электронды түрде қол жетімді. Ал, кейінірек баспа нұсқасы да шығарылады.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл кітаптың материалдарын жинақтауға жыл бойы Зауреш Сақтағанова бастаған ғалымдар тобы Айнаш Мұстапова, Лариса Харитонова, Қымбат Әбдірахманова, Жәнісгүл Ибраимова және Альфия Кітбаева жұмыс істеді. Жобаны ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Дулатбеков басқарды.

Біздің мақсатымыз 30-шы жылдары болған жағдайға саяси баға беру емес. Ғалым болған соң бәрінен бұрын нақты фактілер турасында сөз қозғалды. Біз үшін ең бастысы – сол оқиғалардың куәгерлерімен, ата-аналары мен туыстары туралы айтып аға бұйынмен сөйлесіп үлгеру. Лондон баспасының өзі бізге байланысқа шықты. Ал, кітапты біздің шет тілдер факультетінің оқытушылары аударды, – деді Нұрлан Орынбасарұлы.

Жинақта Орталық Қазақстанда 1931-1933 жылдары ашаршылықты бастан кешкен жандардың жақын туыстарының мұрағаттық құжаттары мен естеліктерінен тұратын маңызды мәліметтер бар. Тіпті, кітаптың жартысынан көбі мұрағаттық материалдар. Мұндай үлкен зерттеу алғаш рет аймақтық бөлімде жүргізілді.

Осы кітаптан қатар «Ашаршылық. Аштық. 1928-1934» сияқты тағы бес томдық жарық көрді. Бірақ, онда да Орталық



Қазақстан туралы материалдар аз. Себебі, ол кезде бұл мекен қазақтардың көшпелі және жартылай көшпелі өңірі болған. Қарағанды 1934 жылы қала статусын алды. Бұл туралы құжаттар бар болғанымен өте аз. Біздің тарихшылар аудандық мұрағаттарды зерттеуді әлі де жалғастырады. Көз майын тауысып зерттеу негізі көп жылдық жұмыс, – дейді тарих ғылымдарының докторы Зауреш Сақтағанова.

Дәл сол кезеңдегі қазақ отбасылары мен арнайы қоныс аударушылардың түпкі тарихын жазу үшін ғалымдар Балқаш, Осакаров және Шет аудандарына арнайы барған. Олар тарих куәгерлерін іздеуге ғана емес, материалды өңдеуге де көп уақыт кеткенін алға тартады.

Осакаров ауданына ат басын тіреп, бірнеше ауылдарды араладым. Бетпе-бет куәгерлермен сөйлесе алмадым. Дегенмен, ата-аналары аштықтан аман қалған сол кезеңнің балаларымен сұхбаттастым. Олар есте қалған ескі естеліктерін ықпалмен айтып берді. Сондай-ақ, тар замандағы тар жол тайғақ кешкен адамдардың аты-жөнін тәптіштеп, туған күніне дейін жіпке тізіп, толық мәлімет берген жандар да табылды. Ол ақпараттың барлығы еліміз үшін құнды екенін атап өту керек, – дейді филология ғылымдарының кандидаты Лариса Харитонова.

Осынау тарихи фактілерге сүйене отырып зерттелген жинақты ағылшын тілінде шығару оқырман аудиториясының географиясын кеңейтуге мүмкіндік бермек.

Алдағы уақытта Palgrave Macmillan халықаралық ғылыми кітап-журнал баспасы Қарағанды ЖОО-мен ынтымақтастықты жалғастыруға ниетті.



МЕРЕЙ

Жүлде – талантты ұстазда

Оқу-ағарту министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен Алматы қаласында 1-3 наурыз аралығында «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» атты республикалық педагогикалық олимпиада өтті. Қарағанды облысынан қатысқан дарынды жас педагогтер республикалық олимпиададан жүлделі оралды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Олимпиадаға еліміздің түпкір-түпкірінен 120-дан астам педагог қатысты.

Педагогикалық олимпиада жас педагогтердің шығармашылық әлеуетін және өзін-өзі дамытуына жағдай жасау, білім беру жүйесін жетілдіру мұғалімдердің кәсіби көзқарасын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды.

ТЕД форматында ұсынылған Педагогикалық идея барысында мұғалімдер өздерінің негізгі жұмыс жүйесін, кәсіби құзыреттілік деңгейін, технологиялық және коммуникативтік мәдениетті, сабақтың эстетикасын, оқу үрдісін талдай білуді тәжірибе түрінде көрсете білді.

Педагогикалық олимпиадада ЖОО оқытушылары, мектептің алдыңғы қатарлы басшылары мен практик-педагогтері қазылық етті.

Олимпиада қорытындысы бойынша «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының математика пәні мұғалімі Айтөре Еділбай I орын иеленді. Ал, Бұқар жырау ауданы Үштөбе жалпы білім беретін мектептің биология пәні мұғалімі Перизат Нұржанова олимпиададан III орын алды.

– Мен Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде білім алдым. Кейін Астана, Атырау қалаларындағы дарынды балаларға арналған мектептерде жұмыс істедім. 4 жылдық еңбек өтілі бар жас маманмын. «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатына келгеніме жарты жыл ғана болды.

Олимпиадада жас мамандар категориясы бойынша математика пәнін адами құндылықтармен ұштастыра отырып, үйрету бойынша идея ұсындым. Мәселен, 6-сыныпта оқушылар таңбаларды үйренеді. Оны дұрыс меңгермесе, есеп дәл шықпайды. Сондықтан, «+» таңбасын «менің досым» деп, ал «-» таңбасын «менің жауым» деп үйретуге болады. «+» пен «-» қашанда оң болатынын ескерсек, «менің досымның досы – маған дос» деп, «-» таңбаларын көбейткенде оң болатынына қарап, «менің жауымның жауы – маған дос» деп үйретуге болады. Математика тек сан ғана емес, пәнді үйретуде ынтымақтастық, достық секілді адами құндылықтарды оқушылардың бойына сіңіре аламыз.

Мен болашақта Алаш зиялылары секілді білімді ұрпақ тәрбиелеп шығарғым келеді, – дейді «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының математика пәні мұғалімі Айтөре Еділбай.



Қала бюджеті еселенді

(Соңы. Басы I-бетте)

«Елді мекендерді көшелерін жарықтандыру», «Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру», «Елді мекен санитариясы» бюджеттік бағдарламасы негізінде әлеуметтік мәдени нысандарды күтіп ұстау мен тазалық жұмыстары қолға алынбақ. Қаладағы көп қабатты үйлерді бір архитектуралық түрге келтіру шеңберінде Т.Әубәкіров көшесі №61, №137А, В.Рей көшесі №35 үйлердің қасбеттерін жөндеуге жүзеге асырылады.

Мәдени нысандар – «Мәди» ескерткішінің алдындағы алаң, «Байтерек» кешені, Ермеков көшесіндегі стелла, Қарқаралы «паспорты», «Елік» маңайын абаттандыру, Бөкейханов көшесінің басында «Ту тұғырын орнату» жұмыстары жүргізілетін болады.

Көгалдандыру жұмыстары шеңберінде гүлзарлаға 15000 түп гүл оты-

рғызу, көше бойы орналастыратын вазондар сатып алу қарастырылды. Сонымен қатар, Сатыбалдин, 78 коммунар, Абай, Жәнібек, Мәди, Жанак Ақын көшелерінде салынады. Екі жерде 300 шаршы метр және төрт жерде 150 шаршы метр балаларға арналған ойын-спорт алаңдарын салу жоспарланған.

дульдік қоғамдық дәретханалар салу да жоспарланған.

Қала ішіндегі жолдарды жөндеу жұмыстары да кешенді түрде жүзеге асырылуда. Жұмыстардың барлығы жергілікті тұрғындардың ұсыныс-тілектер негізінде жүзеге асуда.

Қаңғыбас иттің де мәселесі шешілді

Осы орайда, қала әкімдігі қабаған иттен қорғанудың жолын тапты. Өзгеріс енгізілген заң талаптарына сай, қараусыз иттерді ату, көзін жою шаралары тоқталып, керісінше оларды арнайы орталыққа орналастыру шаралары қарастырылуда. Қоғамдық кеңес талқылауына салынып, мәселе құпталатын болса, бұл жұмыс биыл жүзеге асырылады. Оның ішінде 20 итке вольтер, питомник қоршауы және жыл аяғына дейін питомникті күтіп ұстау жұмыстары қарастырылған.

Сонымен қатар, қоғамдық орындар мен адамдар көп шоғырланатын жерлерге мо-

Дегенмен...

Көне қаланы жаңғыртуда жүйелі жұмыстар жүзеге асып жатса да, жөпелдемеде барлық мәселені шешу мүмкін емес.

Мәселен, бүгінде баспана кезегінде 600-ден астам адам, балабақша кезегінде 450-ден аса бала тұр. Бұл алдағы уақытта тұрғын үй мен білім беретін нысандарын салу қажет екендігін көрсетеді. Қала көшелерінің 85%-ы ғана жарықтандырылған. Бұл әлі де жұмысты жалғастыру қажет екенін көрсетеді.

Қомақты қаржы мақсатты түрде жұмсалса, Қарқаралының да, көрсеткіштің де көтерілері анық.



СПОРТ

Жерлесімізді құрметпен қарсы алды

Жеңіліп көрмеген қазақстандық боксшы Шавкат Рахмонов (17-0) UFC-дегі бесінші жеңісінен кейін Алматыға келді. Алматы әуежайында қазақстандық спортшыны көптеген жанкүйерлері мен журналистер құрметпен қарсы алды.

Естеріңізге сала кетейік, 5 наурыз күні таңертен Лас-Вегаста (Невада штаты, АҚШ) өткен UFC 285 турнирінде Шавкат Рахмонов америкалық Джефф Нилді (15-5) жеңген болатын. Қазақстандық үшін бұл мансабындағы 17-ші жеңіс болды, сондай-ақ, ол бүкіл жекпе-жектерін мерзімінен бұрын аяқтаған. Жартылай орта салмақтағы рейтингте Рахмонов VI орынға көтерілді.



Өз тілшімізден

Құттықтаймыз!

Қарқаралы ауданы, Аппаз ауылының тұрғындары, ардақты әкеміз Қабдықарім ЕСЕНҒАБЫЛОВТЫҢ 85 жасқа, аяулы анамыздың Мараш КАЮПОВАНЫҢ 80 жасқа толған мерейтойларымен шын жүректен құттықтаймыз! Қабдықарім әкеміз 1938 жылы 10 ақпанда, Семей облысының, Георгиевка қазіргі Қалбатау ауылында дүниеге келді. 1945 жылы 1-сыныпқа барып, 1955 жылы бітіреді. Содан кейін Целиноград ауыл шаруашылық институтына түседі. 1959-1962 жылдар аралығында Отан алдындағы борышын Белоруссияның Гомель қаласында атқарады. 1965 жылы ауыл шаруашылық институтын бітіріп, Мараш анамызбен отбасын құрады.

Мараш анамыз, 1943 жылы 3 қаңтарда Қарағанды облысы Өспен кештарында дүниеге келді. 1950 жылы 1-сыныпқа барып, 1960 жылы мектепті күміс медальмен бітіреді. Сол жылы Қарағанды қаласындағы педагогика институтына түсіп, оны 1965 жылы бітіріп шығады. 1965 жылдан 1993 жылы зейнетке шыққанша физика және математика пәні мұғалімі болып жұмыс істеді.

Қабдықарім әкеміз бен Мараш анамыз 2 кыз 3 ұл тәрбиелеп өсірген ардақты әке, аяулы ана, үлгілі отбасы. Балаларының барлығы жоғары оқу орнын бітірген, әрқайсысы өз алдына отбасы болып отыр.

Қазіргі кезде 15 немере, 3 шөбере шөбере сүйіп отырған бақытты ата-әже.

Ардақты әке, аяулы ана! Сіздерге зор денсаулық тілейміз! Елге абыройлы болып, ұрпақтарыңыздың қызығын қызықтап жүреберіңіздер!

Тілек білдірушілер: балалары, немерелері, шөберелері

Құттықтаймыз!

Құрметті, Жанат Амантайқызы СЫЗДЫҚОВА!

Сізді 50 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Біліктілігіңіз бен іскерлігіңізді орайлы ұштастыра отырып, білім беру ісіне сүбелі үлесіңізді аябай қосып келесіз. Сізге ақ ниетпен қартаймас жайдары көңіл, мәнді де мағыналы өмір, жемісті еңбек пен сарқылмас қуат тілейміз. Көңіліңіз шаттық пен қуанышқа, жанұяңыз бақ пен берекеге толсын дегіміз келеді.

Жыл сайын қуанышқа бөленіңіз, Бақытқа отбасылық кенеліңіз! Жұмыста еңбегіңіз бағаланып, Медальмен, орденменен еленіңіз!

Игі тілекпен: Еркіндік ЖББ мектебінің ұжымы

Құттықтаймыз!

Шет ауданы Нұраталды ауылының тұрғыны, ардақты анамыз, асыл әжеміз Зәбен Кәрігүлқызы НЫҒМАНОВАНЫ 14 наурызда 70 жасқа толатын мерейтойымен құттықтап, ұзақ өмір, зор денсаулық тілейміз! Ол 1974 жылы Қарағанды педагогикалық институтын бітіргеннен кейін Шет ауданының мектептерінде физика-математика пәндерінен сабақ беріп, оқу ісінің меңгерушісі болып, зейнетке шықты. Осы жылдар ішінде қаншама шәкірттер тәрбиелеп, оқу-әдістемелік құралдары мен тестілер жинағын жазып шығарып, өзі оқыған физика-математика факультетінің (қазіргі ҚарУ-дегі) «Алғыс хатын», «Аға мұғалім» атағын алып, «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен марапатталды. Біз бүгін ұрпағы мен шәкірттеріне онегелі тәрбие берген мерейтой иесі анамызға мына жыр шумақтарын арнаймыз:

Жас ұрпаққа тәлім мен берген білім. Қылықты қыз, өсірген көргенді ұлың, Жан Анамыз, бүгінгі құтты болсын. Мерейтойың, жетпіске келген күнің!

Арқасүйер ақылшы, панамыз да, Үлгі-өнеге өзіңнен аламыз да. Бұл өмірдің қызығын ұзақ көріп, Жүзге дейін жүріңіз арамызда!

Ізгі ниетпен құттықтаушылар: Бастеновтер отбасы, балалары мен немерелері.

ОҚЫС ОҚИҒА

Теміртауда газ баллоны жарылды

Теміртау қаласында көпқабатты үйлердің бірінде газ баллоны жарылып, салдарынан 7 адам зардап шегіп, 5 бала ауруханаға жеткізілді. Төтенше жағдай 13 наурыз күні сағат 13:56-да болған.

Аида РАҚЫМҚҰЛОВА, «Ortalyq Qazaqstan»

– 6-шы шағынауданда бес қабатты тұрғын үйдің үшінші қабатында орналасқан пәтерде газ-ауа қоспасы тұтанып, кейіннен өрт орын алған. Өрт Төтенше жағдайлар департаментінің күштерімен сағат 14:19-да ауыздықталды. Жалын 6 шаршы метр аумақты шарпыды, – деп мәлімдеді Қарағанды облысының ТЖД баспасөз қызметі.

Пәтерде болған 7 адам, оның ішінде 5 бала әртүрлі дәрежедегі күйік жаракатын алды. Олар ауруханаға жатқызылды.

Теміртау қаласының медицина мекемелерінің мәліметінше, 7 наукас жеткізілген.

Оның ішінде үлкен аумақтағы термиялық күйіктері бар 2 ересек адам жансақтау бөлімшесіне жатқызылды.

Сонымен қатар, Теміртау қалалық балалар ауруханасының жансақтау бөлімшесіне газбен уланған 3 бала жатқызылған.

Бір бала медициналық көмек көрсетілгеннен кейін Қарағанды қаласының облыстық балалар клиникалық ауруханасына жолданды.

Аяқ-қол күйіктері бар бір бала амбулаториялық емделуге жіберілді. Қазіргі уақытта медициналық мекемелердегі пациенттердің жағдайы тұрақты. Реанимация бөлімдеріндегі наукастардың жағдайы тұрақты ауыр

деп бағаланады. Санитарлық авиация желісі бойынша Теміртау қаласына комбустинолог дәрігер жіберілді.

Сондай-ақ, оқиға салдарынан пәтер аралық қабырға, пәтердің сыртқы есігі және кіреберістің терезе жақтаулары зақымданған.

Қарағанды облысының ТЖД қызметкерлері 2 қабаттан жоғары көпқабатты үйлерде газ баллонын пайдалануға тыйым салынатынын еске салады.

Дұрыс жұмыс істейтін газ жабдығын ғана пайдалану қажет.

Газ жабдығы дұрыс жұмыс істемеген жағдайда мамандарға хабарласу керек. Жөндеу жұмыстарын өз бетінше жүргізу – қауіпті. Газ баллондары мен газ жабдықтарын тек осы өнімдерлі сатуға арналған сертификаттары бар мамандандырылған ұйымдардан сатып алу керек. Газ баллондарын ауыстыру кезінде отты, электр құрылғыларын пайдалануға қатаң тыйым салынатынын орқашан есте сақтау қажет.

Баллонды орналастыру тәртібі:

- газ плитасынан жарты метр қашықтықта;
- кез келген жылыту құрылғысынан 1 метр қашықтықта;
- егер жылыту құрылғысы ашық болса, онда баллонға дейінгі қашықтық 2 метрге дейін болуы керек.

АЙБЫН

Жауынгерлік жаттығу жауапкершілігі

«Сарышаған» полигонында «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлері 06708 әскери бөлімінің артиллерист-жауынгерлері артиллериядан оқ ату оқу-жаттығуын бастап кетті.

Жауынгерлік даярлықтың жоспарына сәйкес жеке құрам біріктірілген есептоп құрамында артиллерияның 122 миллиметрлік Д-30 гаубицасынан көрсетілім атысын өткізді.

Артиллериядан оқ ату жаттығуына командирдің жауынгерлік даярлық жөніндегі орынбасары подполковник Өміртай Құланбаев жетекшілік етті. Оқу-жаттығудың өту барысы командалық бақылау бекетінен қадағаланды.

Атыс алаңына жайғасқан 2-ші зеңбіректік артиллериялық дивизионының артиллерист-жауынгерлері берілген тапсырмаларды орындауға

дайын тұрды. Белгіленген уақытпен пәрмен бойынша артиллерист-жауынгерлер артиллериядан оқ атты.

Бастысы – артиллериядан оқ ату жаттығуының көрсетілім атысы күткен нәтижені көрсетті. Артиллерист-жауынгерлер тарапынан ешқандай кемшілік кеткен жоқ.

Осы ретте 2-ші зеңбіректік артиллериялық дивизионының жеке құрамы асқан жауапкершілік табындығын айта кеткен жөн. Атап айтқанда, батарея командирлері атыс кезінде бір-бірімен тез арада тіл табысып, берілген тапсырмаларды бұлжытпай орындап шықты.

Думап ЖҰМАШҰЛЫ, Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы, лейтенант

Еске алу

Аяулы анамыз Кәукіш (Елжақсы) ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫН еске аламыз.

О, ана, тәңір берген – жанашырым, Тек саулығың тілеген баласының. Бір ауыз жырымды мен жеткізе алмай, Күні-түні тыным таппай аласұрдым.



Ана – сен қорғаныш та, бақ та болдың, 86 жасыңмен қарт та болдың. Дегенмен, кимастықпен қоспағанда, Қайта айналып келмес күндер болды сағым.

Тізбектеп жазар болсам бір өзінді, Болып едің ғұмырда бай мінезді. Қиындықта қайсарлық танытқанмен, Кішіпейіл болдың-ау илгенге.

Шыдамдылық көретімін көздеріңнен, Қас-қабақ пен ақ жүзіңнен көрінбеген. Күңдей жанып, жарқыраушы ең қуаңғанда, Манайыңа шуақ шашып, ел сезінген.

Көп оқыған, көп түйгенің ол да болды, Дәптерің жыр-өлеңге ол да толды. Құрметпенен дөм әзірлеп, сусын бердің, Бөтен демей, құшақ жая талай елге.

Жеңе білдің, басқа салған бар қайғыңды, Жүрегінде жазылмаған жара қалды. Біз үшін деп өмір сүрдің тыным таппай, Бөліспедің, іште сақтап, зар-мұңыңды.

Жатқан жерің жайлы болсын асыл – Ана, Еске аламыз сағынышпен бала-шаға. Бізде осындай болғаны үшін Өке-Шеше, Тағзым етем, тапсырамын бір Аллаға!

Еске алушылар: балалары, немерелері

После смерти Катыхшева Аяна Орынбасаровича умершего 23 декабря 2022 года открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Динисламовой Минданы Гайнетдиновне. Город Сарань улица Джамбула дом 67А. Телефон 87014379918. 8708594 9202

БРИФИНГ

Көктайғақта абайлаңыз

Аймақта тұрақсыз климаттың сақталуына байланысты жаракат алғандар саны көбейген. Қалың қардың соңы жаңбырға ұласты. Салқын ауа райы, көктайғақ салдарынан бір тәулікте 500 адам жаракаттанған. Бұл туралы облыстық травматология қызметі ахуалдық орталығының меңгерушісі Ерік Шонбаев баспасөз мәслихатында айтты.

Сағыныш ӘБІЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аяқ-қолын сындырғандардың көбі әйел адамдар мен балалар. 250 адам травпунктке жеткізіліп, көмек көрсетілді.

– Ауыспалы ауа температурасы травматологиялық жаракат алғандар санының артуына әкелді. Наурыз айының 6-сы күні аймақ бойынша 424, 7-8 күндері 313-345 адам тіркелген. 9-шы наурыз күні 515 адам дәрігерлер көмегіне жүгінген. Бұл өте жоғары көрсеткіш. Оның 39%-ы тұрмыстық жаракат, 34%-ы мұзда тайып кетіп жаракаттанғандар, – дейді облыстық травматология қызметі ахуалдық орталығының меңгерушісі Ерік Шонбаев.

Бір таңқаларлығы тұрмыстық жағдайда аяқ-қолын жаракаттағандар саны көп. Аяқ-қолдың сынуы, шығуы, үсуі, дене жаракаты, сінірдің созылуы мереке күндері жиі



қайталанатын жағдайлар. Басым көпшілігі медициналық көмекке жүгінбей, үйлерінде жатып қалып, асқындырып алып жатады. Дәл осындай салғырттық салдарынан дене мүшелерінен айырылып жатқандар да аз емес. – Дәл осы уақыттарда абай болған дұрыс. Әсіресе, жаяу жүргіншілер жолынан өтерде сақ болған жөн. Қатты жылдамдықпен келе жатқан көлікті мұзда басқару мүмкін емес. Әрі аяқ киімнің де ыңғайлы болғаны абзал, – делі Ерік Шонбаев.

Қарағанды облысы: ауа райы

| | 14 наурыз | 15 наурыз | 16 наурыз |
|--------------------|-----------|-----------|-----------|
| Қарағанды қаласы | +2 -10 | -2 -7 | -4 -12 |
| Абай ауданы | +1 -13 | -2 -8 | -4 -12 |
| Ақтоғай ауданы | +2 -19 | 0 -13 | -2 -12 |
| Бұқар жырау ауданы | +2 -6 | -3 -7 | -4 -11 |
| Қарқаралы ауданы | +6 -8 | +1 -6 | -5 -12 |
| Нұра ауданы | +1 -10 | -2 -7 | -2 -12 |
| Осакаров ауданы | +2 -10 | -3 -8 | -4 -13 |
| Шет ауданы | +4 -17 | -1 -10 | -3 -13 |

Ақпарат <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды

